

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2026 жылғы 5 наурыздағы
№ ДС-63

Құрметті депутаттар!

Еріктілер институтының рөлін нығайту мен халықаралық тәжірибені енгізуге қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасында волонтерлер қозғалысы жаңа қарқын алып белсенді дамып келеді және қоғамдық өмірдің түрлі салаларында маңызды рөл атқаруда.

Халықаралық волонтерлер жылын іске асыру шеңберінде Ұлттық ұйымдастыру комитеті құрылды және негізгі бағыттар бойынша волонтерлер қозғалысын дамытуға, өзара көмек мәдениетін нығайтуға, азаматтардың қоғамдық маңызы бар қызметке қатысуын кеңейтуге бағытталған ұлттық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлер қозғалысының қоғамды дамытудағы және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырудағы маңызды рөлін бірнеше рет атап өтті.

Қазақстанда Халықаралық жылдың ашылуына арналған Волонтерлер форумында Президент волонтерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың институционалдық тетіктерін одан әрі жетілдіру жөнінде тапсырмалар берді.

Осыған орай, Халықаралық волонтерлер жылын өткізу жөніндегі Ұлттық жоспарға сәйкес волонтерлер қозғалысын дамыту мен қолдаудың жаңа тәсілдерін, оның ішінде Сіздер ұсынған бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Атап айтқанда, жоғары және орта кәсіптік білім беруді қоса алғанда білім беру жүйесінде волонтерлік тәжірибені жүйелендіру – басым бағыттардың бірі. Осыған орай мүдделі мемлекеттік органдармен бірге келесідей шараларды жүргізу жоспарланып отыр.

Жоғары оқу орындары мен колледждерге оқуға түсу кезінде волонтерлік қызметті мемлекеттік білім беру грантының қосымша коэффициенті ретінде ескеру.

Гранттарды бөлу барысында волонтерлік жұмыс өтілін (мысалы, кемінде 300 сағаттық жұмыс) қосымша критерий ретінде ескеру.

Студенттердің волонтерлік қызметке тұрақты және ұзақ мерзімді қатысуын ынталандыру мақсатында волонтерлік қызметпен белсенді айналысатын студенттер үшін стипендияға арнайы үстеме ақылар қосу.

Орта мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында волонтерлік қызметке деген қызығушылығын арттыру үшін білім беру ұйымдарында сабақтан тыс өткізілетін факультатив курсын енгізу мәселесі қаралуда.

Мұндай тәсілдер студенттерді қоғамдық маңызы бар әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттік мекемелер мен халықтың осал топтарымен бірге жұмыс істеуге жұмылдырады, оқу процесі кезінде әлеуметтік жобаларды іске асыруға кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, волонтерлікті қолдаудың басқа да шаралары пысықталуда. Мәселен, мемлекеттік және азаматтық қызметке кіру кезінде волонтерлік өтілді есепке алу, «Шапағат» мемлекеттік медалімен наградтау кезінде волонтерлікті есепке алу арқылы волонтерлік қызметті мемлекеттік тану тетіктерін кеңейту, волонтерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау жүйесін қалыптастыру.

Аталған шараларды іске асыруда волонтердің цифрлық паспортын енгізу маңызды рөл атқарады. Бұл жаңашылдықты енгізу волонтерлерді верификациялауға, жүргізетін қызметін жүйелеуге мүмкіндік береді.

Волонтерлік салада мұндай цифрлық шешімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесі зерттелді, нәтижесінде осындай тәжірибені енгізу волонтерлік қозғалысты дамыту мен оның тиімділігін арттырып отырғаны анықталды.

Ақпарат: Австралия мен АҚШ-та – Skills passport; Еуроодақ елдерінде - Erasmus + ; Ресейде - Dobro.ru; Ұлыбританияда - Volunter Passport цифрлық паспорт жүйесі қолданылады.

Қазіргі уақытта осы ұсыныстарды іске асыру тетіктерін пысықтау мен талқылау жұмысы жүргізілуде. Нәтижесі бойынша ұсынылатын тәсілдерді заңнамалық және нормативтік деңгейде реттеу мәселесін іске асыру көзделеді.

А. Балаева